Evaluation Only. Created with Aspose.Words. Copyright 2003-2015 Aspose Pty Ltd.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 11 желтоқсаны № 3514-25-00-2/4957 Қарағанды қаласы

Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Т.Қ.Елеуов,
сот отырысының хатшысы А.Сабетованың қатысуымен
ашық сот отырысында аудио-бейне таспаға жазумен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазгидромет» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«КМНУ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
жауапкердің өкілі А.В.Дукерт

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 14 наурыз айында «Қазгидромет» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен (*әрі қарай – талап қоюшы*) «КМНУ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін (*әрі қарай – жауапкер*) арасында мемлекеттік сатып алу туралы үлгілік №08-25-К шарт (*әрі қарай – шарт*) жасалған.

Шарттың № 1 қосымшасына сәйкес, Жауапкер тауарларды жеткізуді міндеттенді. Жеткізу мерзімі – шарт жасалған күннен бастап 120 күнтізбелік күн ішінде, немесе 2025 жылғы 10 маусым айына дейін.

Шарттың жалпы сомасы 7 163 000 теңгені құрайды.

Алайда жауапкер шарт бойынша міндеттемесін атқармаған. Осыған орай, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұрай отырып, талап қоюшы сотқа жүгінді.

Талап қоюшы талап арызында жауапкердің 2025 жылғы 10 маусым айына дейін тауарларды жеткізбегенін көрсеткен. 2025 жылғы 12 қараша айында шарт бұзылды.

Жауапкердің өкілі сот отырысында тауарды жеткізілмегенін растады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының заңының 8 бөлігінің 4 тармағының 3), 4) тармақшасына сәйкес Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

2025 жылғы 14 наурыз айында тараптар арасында мемлекеттік сатып алу туралы үлгілік шарт жасалған, тауарды жеткізу мерзімі – 2025 жылғы 10 маусым айына дейін.

Сот жауапкердің шартты орындамау фактісін анықтады, 2025 жылғы 2 қараша айында аталған шарт бұзылды.

Заңмен қарастырылған мерзім талап қоюшымен сақталған, мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы арызымен талап қоюшы сотқа 2025 жылғы 21 қараша айында жүгінді.

Айтылғандардың негізінде сот мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы арыз қанағаттандыруға жатады деп санайды.

Қазақстан Республикасының АПК-нің 117 бабына сәйкес талап қоюшы төлеуден босатылған 1 966 теңге мөлшеріндегі мемлекеттік баж жауапкерден бюджет пайдасына өндіріледі.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226, 229, 403 баптарын басшылыққа ала отырып,

Ш Е Ш Т І:

«Қазгидромет» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының талап арызы толық қанағаттандырылсын.

«КМНУ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БИН/ИИН 960840000116) мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«КМНУ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен жергілікті бюджет есебіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Елеуов Т. К., 18.12.2025
Заңды күшіне енген күні: 20.01.2026, судья Елеуов Т. К., 23.01.2026
3514-25-3-1/6108

Шешімге Азаматтық процестік кодексінде белгіленген қағидаларды қоспағанда, тараптар апелляциялық шағым, прокурор апелляциялық өтінішхатты - шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья: **Елеуов Т.К.**

Құжатқа қол қойылған: Елеуов Т. К., 18.12.2025

Заңды күшіне енген күні: 20.01.2026, судья Елеуов Т. К., 23.01.2026

3514-25-3-1/6108